

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

«Өзін -өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасында ата -ананың рөлі.ЖАРИЯЛАНДЫ
18.02.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/49782/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

«Өзін -өзі тану» рухани - адамгершілік білім беру бағдарламасында ата -ананың рөлі. Ата -ана үшін бірінші орында әрдайым бала тұру керек. Бала бойында адамгершілік құндылықты дамытудың өзі білім болып саналады. Ақиқат, Дұрыс әрекет, Тыныштық, Сүйіспеншілік, Қиянат жасамау сияқты адамгершілік құндылықтарды жете түсінген ата-ана, осы құндылықтарды іс жүзінде қолданып, оларды өз өмірлерінде сүйіспеншілікпен таратса, сол ата- аналарды нағыз білімді ата- аналар деп атауға болады. Отбасының басты қазығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Отбасының әрбір мүшесі, өзара сөйлесіп, не болмаса ата-ананың, баланың міндетін атқару ғана емес, береке-бірлік, сүйіспеншілікпен араласса, босағасы берік, шаңырағы биік отбасына айналары сөзсіз. Бала тәрбиесіндегі ата-ананың рөлі мен жауапкершіліктері өте зор.

Рухани - адамгершілік білім беруде оқушы, мұғалім, ата-ана өзара қарым - қатынасына негізделген, онда тек оқушы ғана емес, өзіндік рухани ізеніс субьектісі ретінде мұғалім мен ата-ананың өзінеде өзгеріп жүру керек.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деген. Сондықтанда әке де, шеше де, балаларының жан дүниесіне үңіліп, мінез-құлқындағы ерекшелерді жете білген жөн. Өсіп келе жатқан ұрпақтың бойына рухани адамгершілік білімнің қайнарын сіңіріп, мінез-құлқын тәрбиелеуде ата-аналармен бірлескен жұмыстың маңызы жоғары. Сол себепті әр баланы рухани керемет күш иесі деп қарап, оның шексіздікті үйренсем деген ұмтылысына көңіл бөліп, демеу жасасақ, қуаттандырсақ, жүрегі нұрға толы, жан-жағына шуағын шашып тұратын, мейірімді, адамгершілігі мол, үнемі талпынып тұратын, өз елін, жерін, тілін,отбасын сүйетін, еңбекқор адал азамат тәрбиелеп шығарамыз деп сенемін Отбасы – ұлттың, мемлекеттің, әлемнің, адамзаттың негізі.

Сондықтан оны нығайту керек.

Отбасында тыныштық болса – үйде тыныштық болады;
Үйде тыныштық болса – мемлекетте тыныштық болады.
Мемлекетте тыныштық болса – әлемде тыныштық болады..
СҚО, Шалақын ауданы
Сергеевка қаласы Қазақ орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі: Даукенова А.Р

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.